

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 15 қаңтар

№ AIFC-C/CFI/2023/0002 ic

MICHAEL WILSON & PARTNERS, LIMITED

Талап қоюшы

қарсы

**(1) CJSC KAZSUBTON
(2) KAZPHOSPHATE LLP
(3) KAZPHOSPHATE LIMITED**

Жауапкерлер

АТҚАРУ ПАРАҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ӨТІНІШТЕР БОЙЫНША БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

1. Соттың 2024 жылғы 30 қазандағы Бұйрығының («Бұйрық») 2-тармағында белгіленген мерзім 2024 жылғы 14 қарашаға дейін ұзартылсын, осыған байланысты Екінші жауапкердің 2024 жылғы 13 қарашадағы, бірақ 2024 жылғы 14 қарашада берілген өтініші мерзімінде берілген деп есептелсін.
2. Осы іс бойынша 2024 жылғы 23 ақпанда берілген екі атқарушылық парақ олардың әрқайсысының «Борышкер» бөлімінде көрсетілген мынадай деректерді ауыстыру жолымен өзгертілсін:

MICHAEL WILSON & PARTNERS, LIMITED

Мекенжайы: Craigmuir Chambers, VG 1110 Road Town, Tortola, Британдық Виргин аралдары.

Британдық Виргин аралдарындағы компания нөмірі: 291158.

Қазақстандағы филиалы:

Атауы: «Michael Wilson & Partners, Ltd. Legal Consultants» Қазақстандағы филиалы;

Филиал басшысы: Michael Earl Wilson;

Мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, «Нұрлы Тау» бизнес орталығы, 1А ғимараты, 7-қабат;

Электрондық пошта мекенжайлары: michael.wilson@mwp.kz,

yermek.aubakirov@mwp.kz, secretaries@mwp.kz, yka@mwp.kz;

Тел.: +7 (700) 165 30 15;

ЖСН: 980741003027.

3. Жоғарыда 2-тармақта қамтылған бұйрық бұрынғы Бұйрықта көзделген шараның күшін жояды. 2024 жылғы 19 қарашада Бұйрықтың қолданылуына қойылған тоқтата тұру күші жойылсын.
4. Осы өтініштер бойынша шығындарды өтеу туралы бұйрық шығарылмасын.

НЕГІЗДЕМЕ

1. Осы іс бойынша Талап қоюшыдан Екінші жауапкер мен Үшінші жауапкердің пайдасына сот шығындарын өндіріп алу туралы бұйрық 2023 жылғы 31 қазанда шығарылған. Аталған шығындарды өндіріп алу туралы бұйрықты орындау үшін атқарушылық парақтар 2024 жылғы 23 ақпанда берілген, алайда оларды орындау барысында қиындықтар туындаған. Талап қоюшы өз мекенжайына және компанияның тіркеу деректеріне қатысты қателерді түзету мақсатында атқарушылық парақтарды кері қайтарып алу және өзгертілген түрде қайта беру туралы өтініш берген. 2024 жылғы 30 қазанда Сот Бұйрық («Бұйрық») шығарды, оның 1-тармағында атқарушылық парақтар «кері қайтарылып, өзгертілген түрде қайта берілуге тиіс» екені, атап айтқанда «Борышкер» туралы деректерді өзгерту арқылы көрсетілген. Ал 2-тармағында Екінші және Үшінші жауапкерлерге Бұйрықты өзгерту немесе оның күшін жою туралы өтінішті 14 күн ішінде (яғни 2024 жылғы 13 қарашаға дейін) беру құқығы берілген.
2. 2024 жылғы 13 қарашада жасалып, 2024 жылғы 14 қарашада берілген өтінішінде Екінші жауапкер: (1) Бұйрықты өзгерту және (2) Талап қоюшының өтінішін алып тастау туралы өтініш білдірген; сондай-ақ 2024 жылғы 14 қарашадағы жеке өтінішінде ол Бұйрықтың 2-тармағына сәйкес өтініш

беру мерзімін осы күнге дейін ұзартуды сұраған. Электрондық пошта арқылы және ұсынылған екі жазбаша ұстанымында Талап қоюшы Екінші жауапкердің өтініштеріне қарсылық білдіріп, Бұйрықтың 1-тармағында баяндалған ұстанымды қолдайды.

Мерзімді ұзарту

3. Бұйрықтың 2-тармағында, егер жауапкерлер белгіленген 14 күндік мерзім ішінде өтініш берсе, «Бұйрық осыдан кейін дереу күшіне енеді» деп көзделген. Талап қоюшы Екінші жауапкер белгіленген мерзімді өткізіп алғандықтан, атқарушылық парақтар Бұйрық талаптарына және заңға сәйкес автоматты түрде және дереу күшін жояды («заңдық гильотина») деп пайымдайды, сондай-ақ Екінші жауапкердің өтініштері кеш берілген және тиісті түрде ұсынылмаған деп есептейді. Мен бұл пайымды қабылдамаймын. Атқарушылық парақтарды кері қайтарып алу және қайта беру үшін әкімшілік сипаттағы әрекеттер жасалуы тиіс еді. Бұл әрекеттер Екінші жауапкер өтініш берген сәтке дейін де, 2024 жылғы 19 қарашада мен Екінші жауапкердің өтініштері бойынша шешім қабылданғанға дейін Бұйрықтың қолданылуын тоқтата тұру туралы өкім берген сәтке дейін де жасалмаған. Осылайша, орындау туралы Бұйрық қазіргі уақытқа дейін өзінің бастапқы нысанында күшінде қалып отыр.
4. Негізінде, Сот белгіленген мерзім өтіп кеткеннен кейін де нұсқауларда көрсетілген мерзімді ұзартуға құқылы. Сол сияқты, АХҚО Соты қағидаларының 2.14-тармағына сәйкес кез келген Қағидаларда немесе Практикалық нұсқаулықтарда белгіленген мерзім өткеннен кейін де ұзартылуы мүмкін.
5. Демек, Екінші жауапкердің мерзімді ұзарту туралы өтініші мерзімінен кеш берілген деп саналмайды.
6. Талап қоюшы мерзімді ұзартуға қарсы тағы бір уәж ретінде Екінші жауапкердің кідіріс дәрежесін келтіреді. Атқарушылық парақтарды кері қайтарып алу және қайта беру туралы Талап қоюшының өтініші 2024 жылғы 21 шілдеде берілген, алайда Екінші жауапкер Бұйрыққа сәйкес соңғы мүмкіндік берілгенге дейін ешқандай әрекет жасамаған, әрі бұл мүмкіндік те белгіленген мерзімнен тыс пайдаланылған. Талап қоюшы АХҚО Соты қағидаларының 11.23-тармағына сәйкес Екінші жауапкер өтініш берілгеннен кейін 28 күн ішінде жауап беруі тиіс еді деп мәлімдейді. Мен бұл нақты уәжді қабылдамаймын: 11.23-тармақ талап қоюға қарсылық білдіру мерзіміне қатысты, ал Талап қоюшының өтініші Қағидалардың 6-бөлігімен реттеледі. Алайда бұл мерзімді ұзарту туралы жалпы қағиданың күшіне әсер етпейді (ал 6.14(2)-тармақ өтінішке жауап ретінде дәлелдемелер ұсыну үшін 14 күндік мерзімді көздейді). Екінші жауапкердің бірнеше ай бұрын хабардар болғанына қарамастан, өкілден нұсқаулар алу және жауап дайындау барысында кідіріс болғаны, сөзсіз, Соттың өз қалауынша шешім қабылдауына әсер ететін мән-жай болып табылады. Дегенмен, бұл қазіргі қаралып отырған өте қысқа мерзімді ұзартуды беруге қарсы шешуші фактор болып табылмайды. Керісінше, Сот беретін атқарушылық парақтардың мүмкіндігінше дәл әрі тиімді болуын қамтамасыз ету қажеттілігі мерзімді ұзартуды қолдайтын маңызды мән-жай болып табылады.
7. Барлық мән-жайларды ескере отырып, мен Екінші жауапкер сұраған мерзімді ұзарту қанағаттандырылуы тиіс деген қорытындыға келемін, өйткені бұл оның Бұйрықты өзгерту және Талап қоюшының өтінішін істен алып тастау туралы өтінішін мәні бойынша қарауға мүмкіндік береді.

Даудың мәні бойынша мәселелер

8. «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 8-тармағына сәйкес, АХҚО Сотының шешімдері Қазақстан Республикасында

Қазақстан Республикасы соттарының шешімдерімен бірдей тәртіппен және шарттармен орындалуға жатады. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 241-бабының 4-тармағына сәйкес, атқарушылық парақта, оның ішінде, *«егер борышкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері, банктік деректемелері және сәйкестендіру нөмірі»* көрсетілуге тиіс.

9. Талап қоюшы - Michael Wilson & Partners, Limited компаниясы - атқарушылық парақтарда «борышкер» ретінде дұрыс көрсетілген, алайда осы атаудан кейін көрсетілген деректерге қатысты айқын мәселе бар. Талап қоюшы ұсынған мәліметтерге сәйкес, оның дұрыс сәйкестендірілуі - Британдық Виргин аралдарында тіркелген, сол жерде мекенжайы және тіркеу нөмірі бар компания. Дәл осы компания осы іс бойынша шығындарды өндіріп алу туралы шешім шығарылған заңды тұлға болып табылатыны негізгі шешімнен анық көрінеді (мысалы, сол шешімнің 2-тармағын қараңыз). Өкінішке орай, осы іс бойынша талап арыз нысаны (іс № AIFC-C/CFI/2023/0002) және кейінгі апелляциялық шағым беруге рұқсат сұрау туралы өтініш (іс № AIFC-C/CA/2023/0040) толық болмаған және жаңылыстыруы мүмкін, өйткені онда Британдық Виргин аралдарындағы компанияның нақты деректері көрсетілмеген. Соның салдарынан «Michael Wilson & Partners, Ltd, Legal Consultants in Kazakhstan» деп аталатын филиалдың мекенжайы мен өзге де деректері атқарушылық парақтарда Британдық Виргин аралдары туралы мәліметтерсіз қолданылған, бұл өз кезегінде сот орындаушыларында көрсетілген деректердің борышкердің атауына сәйкес келмеуі жөнінде күмән туғызған. Осылайша, Бұйрықта ұсынылған өзгертілген деректемелер Талап қоюшының Британдық Виргин аралдарындағы мекенжайын және сол жердегі тіркеу нөмірін қамтиды. Бұл атқарушылық парақтардың кемінде осы бөлігінде өзгертілуі тиіс екені айқын және бұнымен Екінші жауапкер де келіседі. (Құжаттардың әртүрлі бөліктерінде Британдық Виргин аралдарындағы мекенжай әртүрлі нұсқада көрсетілген, алайда жоғарыда аталған Бұйрықта пайдаланылған мекенжай - Талап қоюшы құжаттарының 105-бетіндегі сертификатта көрсетілген тіркелген кеңсе мекенжайы).
10. Екінші жауапкер атқарушылық парақтардың қазіргі нысаны өзге бөліктерінде, оның ішінде Қазақстандағы филиалдың мекенжайы, БСН-і және өзге деректері бөлігінде сақталуы тиіс деп мәлімдейді. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 43-бабының 3-тармағына («Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Олар өздерін құрған заңды тұлғаның мүлкімен қамтамасыз етіледі және оның бекіткен ережелері негізінде әрекет етеді») сілтеме жасай отырып, филиал дербес заңды тұлға емес, Талап қоюшының бір бөлігі болып табылатыны және филиалдың активтеріне өндіріп алу заңды екені көрсетіледі. Сонымен қатар, қолданыстағы атқарушылық парақтарға сәйкес филиал активтеріне ішінара өндіріп алу шараларының қолданылғаны да айтылған. Талап қоюшы филиалға қатысты мәліметтерді енгізуге қарсылық білдіреді. Ол филиалдың дербес заңды тұлға еместігін мойындай отырып, түрлі негіздермен филиалдың Талап қоюшыдан бөлек құқықтық мәртебесі бар екенін, ол осы іс бойынша тарап болып табылмайтынын және осы Соттың юрисдикциясына жатпайтынын алға тартады.
11. Мен Екінші жауапкер ұсынған тәсілді қабылдау қажет деп санаймын және филиал туралы деректер, оның ішінде БСН-і атқарушылық парақтарда сақталуы тиіс, алайда бұл деректердің дәл филиалға тиесілі екені нақты көрсетіліп, олар борышкер ретінде Талап қоюшының Британдық Виргин аралдарындағы мекенжайы мен тіркеу нөмірінен ажыратылуы қажет. Филиал Талап қоюшыдан бөлек заңды тұлға құрған деген негіз жоқ, және филиал Талап қоюшыдан бөлек ұйым емес деп пайымдауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі заңнамасына сәйкес атқарушылық іс жүргізу Талап қоюшының Қазақстандағы филиалының активтеріне таралуы мүмкін деп есептеуге болады. Алайда мұндай мәселелер атқарушылық іс жүргізу барысында шешілуге тиіс және түпкілікті түрде Қазақстанның жалпы юрисдикция соттарымен айқындалуы қажет. АХҚО Сотының рөлі ұлттық заңнама талаптарына сәйкес келетін атқарушылық парақтарды беру

арқылы орындау процесін бастауымен шектеледі. Ол орындау барысында туындауы мүмкін ішкі құқық мәселелерін шешуді қамтымайды. Талап қоюшыны борышкер ретінде көрсету үшін оның атауы, Британдық Виргин аралдарындағы мекенжайы және тіркеу нөмірін көрсету Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 241-бабы 4-тармағы талаптарын орындау үшін жеткілікті болғанымен, бұл норма орындау үшін маңызы болуы мүмкін қосымша мәліметтерді енгізуге тыйым салмайды. Менің ойымша, Талап қоюшының Қазақстандағы филиалы туралы мәліметтер дәл осындай санатқа жатады.

12. Сондай-ақ, қолданыстағы атқарушылық парақтар негізінде бұрын жасалған әрекеттердің автоматты түрде жарамсыз болуына жол бермеу үшін Сот оларды кері қайтарып алып, өзгертілген түрде қайта беру туралы Бұйрық шығармауы тиіс деп санаймын. Оның орнына, Сот «Борышкер» бөлімінде көрсетілген деректерді ауыстыру арқылы қолданыстағы атқарушылық парақтарды өзгерту туралы Бұйрық шығаруы тиіс. Бұл тәсіл бұрын жасалған атқарушылық әрекеттердің жарамдылығын сақтауға және өзгертілген атқарушылық парақтар негізінде атқарушылық іс жүргізуді жалғастыруға мүмкіндік береді, сонымен бірге Қазақстан Республикасының ішкі заңнамасына сәйкес Талап қоюшыға қатысты өндіріп алу оның филиалының активтеріне таралуы мүмкін бе деген мәселені ашық қалдырады.
13. Екінші жауапкер Соттан Талап қоюшының атқарушылық парақтарды кері қайтарып алу және қайта беру туралы өтінішін істен алып тастауды сұрайды. Бұл өтініш АХҚО Соты қағидаларының 3.10 және 3.11-тармақтарына сәйкес берілген және Талап қоюшы бастапқы талап арыз нысанында өзінің мекенжайын көрсетпей, Қағидаларды бұзды, сондай-ақ оның өтініші сот рәсімдерін теріс пайдалану және шығындарды өндіріп алу туралы шешімді орындауға кедергі келтіруге бағытталған деген уәждерге негізделген. Мен өтінішті алып тастау туралы талапты қанағаттандырмаймын. Атқарушылық парақтардың қазіргі нысанындағы деректемелерде мәселе болғаны мойындалады. Бұл мәселе, сөзсіз, бастапқыда Сотқа жеткіліксіз ақпарат ұсынған Талап қоюшының әрекеттерінен туындаған. Алайда, Талап қоюшы бұл мәселені Соттың қарауына қайта ұсынуға құқылы болды, және бұл қолданыстағы атқарушылық парақтарды толықтай жоюға емес, тек аздаған өзгерістер енгізуге алып келді. Қалыптасқан жағдайларда аталған өтінішті толықтай алып тастау орынсыз болар еді.
14. Үшінші жауапкер осы мәселелер бойынша қандай да бір өтініштер немесе ұстанымдар ұсынбағанымен, жоғарыда келтірілген негіздемелер екі атқарушылық параққа да бірдей қолданылуы тиіс екеніне күмән жоқ, және жоғарыда көрсетілген өзгерістер оларға да енгізілуі қажет. Талап қоюшының пайымына қарамастан, Бұйрықта ұсынылған тәсілді өзгерту үшін әлі кеш емес, және Сот мұндай өзгерісті өз бастамасы бойынша енгізе алады.
15. Бастапқы талап Бірінші жауапкердің пайдасына қанағаттандырусыз қалдырылғанымен, оның пайдасына сот шығындары туралы бұйрық шығарылмаған, сәйкесінше оған қатысты атқарушылық парақ берілмеген. Осыған байланысты Бірінші жауапкер осы кезеңде іс жүргізуде ешқандай рөл атқармайды.
16. Сот қарауындағы түрлі өтініштер бойынша сот шығындарына қатысты қандай да бір бұйрық шығармаймын. Тараптардың ешқайсысы айқын жеңімпаз болып табылмайды. Қалай болғанда да, менің пікірімше, бұл мәселелер қосымша шығындарды өндіруді талап ететіндей сипатта емес.

Сот қабылдады,

Мәртебелі сэр Стивен Ричардс,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы Алматы қаласы, Қазақстан, «Michael Wilson & Partners, Ltd» компаниясының серіктесі Майкл Вилсон мырзамен өкілдік етті.

Бірінші жауапкер өкілдік етілмеді.

Екінші жауапкер Алматы қаласы, Қазақстан, «TKS Disputes» компаниясының серіктесі Бахыт Тукулов мырзамен өкілдік етті.

Үшінші жауапкер өкілдік етілмеді.